

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
L.N. Gumilyov Eurasian National University



«ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»

атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ
ФИНАНСОВО-БАНКОВСКОГО СЕКТОРА
В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»,**
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS

of the International Scientific and Practical Conference
**«MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT
OF THE FINANCIAL AND BANKING SECTOR IN CONDITIONS
OF ECONOMIC UNCERTAINTY»,**
(June 10-11, 2022)



Нұр-Сұлтан/ Nur-Sultan, 2022



Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«ЭКОНИМИКАЛЫҚ БЕЛГІСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДА ҚАРЖЫ-БАНК
СЕКТОРЫН ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕРІ»**
Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
(10-11 маусым, 2022)

СБОРНИК ТРУДОВ
Международной научно-практической конференции
**«СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ФИНАСОВО-
БАНКОВСКОГО СЕКТОРА В УСЛОВИЯХ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ
НЕОПРЕДЕЛЕННОСТИ»**
(10-11 июня, 2022)

PROCEEDINGS
of the International Scientific and Practical Conference
**" MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF THE FINANCIAL AND
BANKING SECTOR UNDER ECONOMIC UNCERTAINTY "**
(June 10-11, 2022)

Нур-Султан, 2022
Nur-Sultan, 2022

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73
Э 40

Рецензенты: Макыш С.Б., д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева
Шаяхметова К.О., д.э.н., профессор, университет Туран-Астана

Редакционная коллегия

Насырова Г.А. - заведующая кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Жоламанова М.Т. - к.э.н., профессор, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Рахимжанова К.К. - доктор PhD, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Айтказина А.А. – преподаватель, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Мисник О.В. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан
Керимкулова Д.Д. - докторант, Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Нур-Султан, Республика Казахстан

ISBN 978-601-337-682-0

«Экономикалық белгісіздік жағдайында қаржы-банк секторын дамытудың қазіргі заманғы үрдістері» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектер жинағы / Насырова Г.А. жалпы редакциясымен. - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. - 337 с.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Современные тенденции развития финансово-банковского сектора в условиях экономической неопределенности»/ под общей ред. Насыровой Г.А. - Нур-Султан: Евразийский Национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022.- 337 с.

Proceedings of the International Scientific and Practical Conference " Modern trends in the development of the financial and banking sector under economic uncertainty "/Under the General editorship of Nasyrova G.A.- Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. – 337 p.

ISBN 978-601-337-682-0

УДК 336.71
ББК 65.262.1 я73

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022
© Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, 2022
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

ҰЙЫМНЫҢ ШЫҒЫНДАРЫ МЕН КІРІСТЕРІН БАСҚАРУ («KTZ EXPRESS» АҚ МЫСАЛЫНДА)

Мұқанбай Ә.Т.

*студент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: adiletmukanbai@mail.ru*

Ажмухамедова А.А.

*э.ғ.к., аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы*

Аннотация. Бұл жоба барысында «KTZ Express» АҚ компаниясы бойынша ұйымның кірісі мен шығындарын басқару тақырыбына байланысты талдау және сараптамалар жүргізілді. Бұл жоба аясында ұйымға қысқаша тоқталу, оның ішінде: құрылуы, функциялары және ұйымның қаржылық жағдайына талдау жасалды. Сонымен қатар ұйымның қаржылық жағдайын жақсарту жолында ұсыныстар мен күтілетін болжамды нәтижиелер келтірілді және де жоба бойынша қорытынды сөз баяндалды.

Түйінді сөздер. жоба, транзиттік қатынастар, рентабельділік, өтімділік, рейтингтік бағасы


Зерттеу әдістері. талдау, синтез, модельдеу, классификация

Зерттеу мақсаты. Белгілі бір кәсіпорындағы кірістер мен шығыстарды басқару процесін зерттеу, сонымен қатар ұйымның кірісінің өсуін қамтамасыз ету үшін кірістер мен шығыстарды басқаруды оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірлеу

Кіріспе. «KTZ Express» АҚ компаниясы Қазақстан Темір Жолдарының толыққанды компаниясы болып табылады. Осы жылдар ішінде Гонконг қаласы әлемдегі ең көп тасымал жасалатын контейнерлік порттардың бірі және ең көп жүктелген халықаралық әуе көлігі торабы болып саналады. Әуе, жер үсті көлігі және теңіз логистикалық қызметтерді қамтиды және ақпараттық технологияларды қоса алғанда, саясат пен қызмет көрсетудің әртүрлі салаларын қамтып отыр. Компания өз бастауын 2014 жыл 24 маусымнан алады[1].

«KTZ Express» АҚ ұйымының басты миссиясы Азия торабын Еуропамен, яғни нарық базасын кеңейту үшін байланыстыратын трансшекаралық жүк тасымал теміржолын дамыту және одан әрі кеңейтуге жәрдемдесу болып табылады. Ұйым Қытай-Қазақстан шекарасындағы Хоргос шоғырландыру торабынан Қытайдағы бірнеше қалаларын Орталық Азия арқылы Еуропадағы пункттерімен жол жалғайтын маятникті теміржол тасымалдары қызметін даярлау функциясын атқарады.

Зерттеу нәтижелері. Жүк тасымалдары- 2020 жылда ұйымның жүк айналымы 232 млрд т-км көрсетті. Бұл 2019 жылғы көрсеткіштен 3,5%- ға жоғары, және өсім экспорттық транзиттік қатынастардағы жүк айналымының жоғарылауынан қалыптасқан. 1 суретте «KTZ Express» АҚ жүк айналымы қарастырылған.




Сурет 1 – «KTZ Express» АҚ 2018 және 2020 жылдар аралығы кезеңіндегі жүк айналымы, млрд т-км.

Ескерту: дереккөз негізінде құрастырылған [2]

Транзиттік тасымалдар – 2020 жылдың көрсеткіштері бойынша Қазақстан Республикасы аумағы арқылы жүк тасымалдау транзитпен жалпы көлемі 2019 ға қарағанда 17%-ға өсіп, 20,6 млн тоннаны көрсетті, соның ішінде контейнерлерде 2019 жылға қарағанда 32%-ға өсіп, 876 мың ЖФБ құрады.

Контейнерлік тасымалдардың басым үлесін Қытай – Еуропа – Қытай маршруты алып, ол 59%-ды құрайды. Қазақстан, Ресей және Беларусь теміржол әкімшіліктерінің бірлескен ұйымы ойдағыдай жұмысы осы маршрут бойынша тасымалдау көлемінің алдыңғы жылмен салыстырғанда 65%-ға өсуіне мүмкіндік берді. 2020 жылы Қытай – Еуропа бағытында контейнерлік поездарды өткізудің маршруттық жылдамдығы жалпы алғанда 1150 км-ге дейін өсіп, оны ары қарай жетілдіру жоспарлануда.



Сурет 2 – «KTZ Express» АҚ ұйымның 2020 жылғы жүк айналымындағы негізгі жүктердің үлесі жүктер бөлінісінде, %

Ескерту: дереккөз негізінде құрастырылған [2]

Табыстылық кәсіпорынның қаншалықты тиімді екенін көрсетеді, сәйкесінше рентабельділік коэффициенттері неғұрлым жоғары болса, соғұрлым тиімді болады. Сондықтан компания жоғары көрсеткіштерге ұмтылуы керек, ал басшылық рентабельділікті арттыру жолдарын анықтауы керек.

Кесте 1 – «KTZ Express» АҚ рентабельділігін талдау

Көрсеткіштер	2018	2019	2020	Ауытқуы, +/-	
				2019-2018	2020-2019
Сатудың рентабельділігі	1,3	0,47	0,43	-0,83	-0,04
Әдеттегі қызметтен бухгалтерлік рентабельділік	2,05	0,81	0,63	-1,24	-0,18
Таза рентабельділігі	2,05	1,06	0,65	-0,9	-0,41
Экономикалық рентабельділік	1,85	1,63	0,82	-0,22	-0,81
Меншікті капиталдың рентабельділігі	3,5	1,18	0,4	-2,32	-0,78
Жалпы рентабельділік	0,14	0,65	0,64	0,51	-0,01
Шығынды қайтару	0,05	0,4	0,38	3,95	-0,02
Ескерту: автормен құрастырылған [3]					

1 кестеде аңғарғанымыздай рентабельділік көрсеткіштерінің сатудың, әдеттегі қызметтен бухгалтерлік рентабельділік, таза рентабельділік, экономикалық рентабельділік, меншікті капиталдың рентабельділігі көрсеткіштер өзгерісі 2018, 2019, 2020 жылдар бойынша теріс мәнге ие. Тек жалпы рентабельділік пен шығынды қайтару 2019 жылдар бойынша оң мәнге ие сәйкесінше (0,51; 3,95) көрсеткіштерін көрсетіп отыр. Жалпы соңғы үш жыл бойынша рентабельділіктің теріс мәнге шығуы COVID-19 пандемиясына байланысты. Жөнелтулер мен тауар тасымалының азаюынан жалпы жер жүзінде тауар айналымының күрт төмендеу салдарынан болып отыр.

Талданатын кәсіпорын балансының өтімділігін қарастырамыз (2-кесте).

Кесте 2 – 2018-2020 жылдарға арналған «KTZ Express» АҚ баланс өтімділігін талдау

	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
Ең өтімді активтер (A1)	25996508	19260719	18355764
Тез сатылатын активтер (A2)	21384467	14401756	14082907
Баяу сатылатын активтер (A3)	18047167	13902227	7739947
Қиын сатылатын активтер (A4)	127501011	125913868	74224505
Ең мерзімді міндеттемелер (П1)	46925191	47304246	48524526
Қысқа мерзімді пассивтер (П2)	23889840	8094808	5035390
Ұзақ мерзімді пассивтер (П3)	83335412	96898799	8325537
Тұрақты пассивтер (П4)	21592112	52881234	93504210
Ескерту: автормен құрастырылған [3]			

Кәсіпорын активтерін топтастыру 2018-2020 жылдардағы мүлік құрылымында қиын сатылатын активтер (74224505) және ең өтімді активтер (18355764) басым екенін көрсетті, бұл «KTZ Express» АҚ үшін оң жағдай болып табылмайды. Себебі активтер үлесі 2020 жылы алдыңғы жылдармен салыстырғанда төмен көрсеткіштерді көрсетіп отыр. Бұнда ең көп ауытқу орын алған бұл қиын сатылатын активтер (51689363) және де пассивтердің өтімділік дәрежелеріне назар аударсақ оның ішінде ең мерзімді міндеттемелер (48524526) және тұрақты пассивтер (93504210) басым болды. Ең үлкен ауытқу орын алған ол ұзақ мерзімді пассивтер (-88573262) құрап отыр.

Кесте 3 – Қаржылық тұрақтылықты сипаттайтын коэффициенттердің мәндері

Коэффициент	2018	2019	2020	Ауытқуы +/-		Қалыпты шектеу
				2020-2019	2019-2018	
Қаржылық тәуелсіздік	0,14	0,36	0,84	0,48	0,22	$K \square 0,5$
Қаржылық тәуелділік	7,22	2,75	1,16	-1,59	-4,47	$K \square 0,5$

Ағымдағы берешек	0,54	0,56	0,7	0,14	0,02	$K \square 0,3$
Қаржылық тұрақтылық	0,24	0,45	0,74	0,29	0,21	$K \square 0,6$
Қаржыландыру	1	0,9	1,8	0,9	-0,1	$K \square 0,7$
Қаржылық левиредж	8,15	3,75	2,19	-1,56	-4,4	$K \square 1,5$
Ескерту: автормен құрастырылған [3]						

Талдай келе қаржылық тәуелсіздік коэффициенті меншікті қаражатпен қамтамасыз етілетін активтердің үлесін көрсетеді және меншікті қаражаттың ұйым капиталының сомасына қатынасы ретінде айқындалады. Тәуелсіздік коэффициенттері 2018-2020 жылдар арасында тұрақты түрде өсім алған, сәйкесінше 0,22 және 0,48 ге. Ең оңтайлы нәтиже 2020 жылы 0,84 көрсеткішін құрады және бұл ретте қаржылық тәуелділік пен қаржылық левиредж нәтижелері төмендеуде сонымен қатар қалыпты шектеуден асуда.


Кесте 4 – «KTZ Express» АҚ 2020 жылға арналған қорытынды рейтингтік бағасы

	Белгісі	Мәні	Нормативтік мәні
Өз қаражаты мен қамтамасыз етілу коэффициенті	КО	0,6	>0,1
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	КТЛ	0,57	>2,0
Аванс берілетін капитал айналымының қарқындылық коэффициенті	КИ	1,19	>2,5
Менеджмент коэффициенті	КМ	0,36	>0,87
Табыстылық коэффициенті	КП	0,65	>0,2
Рейтингтік баға	R	2.21	>1
Ескерту: автормен құрастырылған [3]			

$$R=2*0,6+0,1*0,57+0,08*1,19+0,45*0,36+0,65$$

Қорытынды рейтингті анықтай келе нормативтік мәндерге біршама коэффициенттер сай келмейді бұл кәсіпорынның алдағы перспективада көп оң өзгерістер керек екендігінің айғағы болып табылады. Тек табыстылық коэффициенті мен өз қаражатымен қамтамасыз етілу коэффициенттері өзіндік нормативтік бағамдарын орындап отыр, сәйкесінше 0,6 және 0,65 көрсеткіштерін көрсетіп отыр.

Сонымен қоса, ұйымның жалпы алғанда қазіргі мәселелерін, мүмкіндіктерін, басым, әлсіз тұстарын саралап жалпы тұжырымға келсек болады.



Сурет 3 – «KTZ Express» АҚ ұйымы бойынша SWOT талдау

Ескерту: автормен құрастырылған

Қорытынды. Қорыта келсек, ұйымның басым тұстарының бірі жүк тасымалындағы тәжірибесін айта кеткен жөн. Жыл санап транзиттік тасымалдардың шекарасы өсіп, кеңейуде. Бұл дегеніміз алдағы уақыттарда көптеген мүмкіндіктер ашылу ықтималдылығы күттіруде. Бұнымен қоса өзге де басым тұстарын ескеріп алдағы уақытта көп мүмкіншіліктерді іске асыру жағдайын жасау керек. Жаңа мүмкіндіктер бойынша Қытай, Еуропа жол тораптары арқылы тасымалдардың көбеюі есебінен жаңа бизнес жобаларды қолға алуда маңызды. Ал ұйымның әлсіз тұстарын ескеріп дұрыс бағытта жұмыс жасау және қауіп- қатерлердің алдын- алу жұмыстары басты мәселелер болмақ. Болдырмау шараларын қабылдау және соны іске асыру ұйымның басты мәселелерінің бірі болмақ. Ұйым келер болашақта қауіп-қатерлердің алдын алып, мүмкіндіктерінің барлығын толығымен қолдана білсе, ұйымның пайдасы еселене бермек.

Әдебиет:

1. «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ ресми сайты <https://railways.kz/articles/company>
2. «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ «Тұрақты даму саласындағы есеп» https://railways.kz/articles/sustainabledevelopment/otchet_v_oblasti_ustoichivogo_razvitiya.
3. «ҚТЖ» ҰҚ»-ның 2020 жылғы біріктірілген есебі

УДК 336.6

**СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ НАЛОГОВОГО АДМИНИСТРИРОВАНИЯ НА
ОСНОВАНИИ ИНФОРМАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ ЭЛЕКТРОННЫХ СЧЕТОВ-
ФАКТУР С ПРИМЕНЕНИЕМ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ РИСКАМИ**

Нурумов А.А.

*д.э.н., профессор, Евразийский национальный университет
им. Л.Н. Гумилева, г.Нур-Султан, Республика Казахстан*

Аскаров Д.А.

*докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
г.Нур-Султан, Республика Казахстан
E-mail: dyqa7kz@gmail.com*

Аннотация. Развитие налоговой системы играет важную роль в развитии Республики Казахстан. Постоянные поступления налоговых поступлений является необходимым для становления стабильного государства. Внедрение проектов по развитию налогового администрирования положительно влияют на налоговую систему РК. В статье рассмотрены степени влияния информационных систем и пилотных проектов за счет налогового администрирования на теневую экономику.

Ключевые слова: налоговое администрирование, пилотный проект, уклонение от уплаты налогов, теневая экономика.

Методы исследования. Основными методами исследования являются методы индукции и дедукции, сравнения, качественного и количественного анализа.

Цель исследования – оценка текущего развития налогового администрирования за счет пилотных проектов в Республике Казахстан.

Введение. Сегодня, в реалиях экономики Казахстана, налоговая система должна шагать в ногу за темпами развития и роста. Так, Президент Республики Казахстан К.К.Токаев неоднократно в своих обращениях отмечает необходимость развивать налоговые законодательства и производить борьбу с налогоплательщиками уклоняющимися от уплаты налогов.

В рамках поддержки добросовестных налогоплательщиков и противодействию теневой экономике, в Налоговом кодексе РК разработан раздел «налоговое администрирование».